

Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3/4 " Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 8/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 5622 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 2/2 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 22.01.2021 № 2/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3/4 " Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Ақмола облысының Әділет департаментінде № 5414 тіркелген, "Сандықтауские вести" газетінде 2016 жылдың 17 маусымында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген, Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

1 тараудың 2 тармағының 8) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"8) "уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекетік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы " Департаментінің Сандықтау аудандық бөлімшесі";

2 тараудың 11 тармағының 1) тармақшасының екінші абзацы жаңа

редакцияда

баяндалсын:

"ауру тарихының көшірмесі негізінде онкологиялық аурумен ауыратындарға, операциядан кейін емделуіне, бір рет 15 айлық есептеу көрсеткіші мөлшерінде;"

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
аудандық мәслихаттың
хатшысы*

С.Клюшников

"КЕЛІСІЛДІ"

Сандықтау ауданының әкімі

А.Исмағамбетов

2016 жылғы 23 қараша